**САБАҚ ЖОСПАРЫ**

| | | |
|---|---|---|
| **Пән** | Сыныптан тыс сабақ | |
| **Мұғалім** | Алибекова Тарбия Кантурганова | |
| **Мектеп, сынып** | «Әубәкіров атындағы №43 жалпы орта мектебі» КММ, 8-сынып | |
| **Сабақ тақырыбы** | Шоқантанушылар сайысы | www.bilimland.kz |

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаты: | Сынып оқушыларының Шоқан Уәлиханов туралы әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін байқау, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, топпен жұмыс жасай білу дағдысын жетілдіру. |
| | **Барлық оқушылар:** Қазақ халқының алғашқы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмір сүрген ортасы, ғылыми зерттеулерінің тарихы жайлы анықтап айта алады. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі**: Ш.Уәлихановтың зерттеулері мен шығармаларының тарихи маңызын түсіндіре алады. |
| | **Кейбір оқушылар**: Ш.Уәлихановтың үлгі болар өмірі мен әртүрлі ғылым саласына қосқан үлесі туралы салыстырмалы талдау жасай алады. |
| Тілдік мақсаттар: | **Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>Адъютант-Жоғары әскери басшылардың қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер.<br>Дуан- округтердің орталықтары.<br>Кадет корпусы-Патшалық Ресейдегі әскери кадрлар даярлайтын оқу орны.<br>Генерал-губернатор-Патшалық Ресей кезіндегі тұтас бір атырап-аймақты әскери және әкімшілік жағынан билеуші адамның атағы, лауа зымы.<br>**Тыңдалым** – бейнематериалдан алған білім нәтижесінде орындалатын тапсырма.<br>**Оқылым** – мәтін және тарихи деректермен талдау жұмысы.<br>**Жазылым** – тапсырмаларды орындау кезіндегі жазба жұмыстар.<br>**Айтылым** – топтық және жұптық талқылаулар арқылы диалогке қатысу, сұрақтарға жауап беру. |
| Пәнаралық байланыс: | География (Шоқан туған жер және саяхаттарының маршрутын картадан табады) Әдебиет (С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» еңбегімен танысады)<br>Сызу (Кесте)<br>АКТ-мен байланыс.<br>Техника қауіпсіздігі.Интерактивті тақта,бейнебаян,слайдтан пайдалану уақытын шектеу,15 минуттан аспау. |

**Сайыстың барысы**

| Уақыты | Жоспарланған тапсырма түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|

<table>
<tr>
<td>1-кезең<br><br>4 минут</td>
<td>Ұйымдастыру кезеңі.(сәлемдесу,ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру,оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру)<br>Кіріспе сөзі.Бүгін сіздермен «Шоқантанушылар сайысы» атты ойын сабағын өткіземіз.Оқушылар қима қағаздар арқылы топтарға бірігеді. 1-топ Мұхаммед-Ханафия, 2-топ Шоқан,3-топ Қанаш.<br><u>1-тапсырма. Әр топ атақты ғалымның есімі сырлы атауларының тарихымен таныстыруы керек</u>.<br>
<table>
<tr><th>Мұхаммед-Ханафия</th><th>Шоқан</th><th>Қанаш</th></tr>
<tr><td>Шын есімі Мұхаммед Қанафия болған.</td><td>Оған тәрбие беруде әжесі Айғанымның ықпалы күшті болып,«Шоқаным»- деп атаған екен.</td><td>Әжесі мен анасы еркелетіп «Қанаш» деген.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Ашық алаң<br>Үлестірме парақшалар<br>Топ атаулары<br><br>Кесте</td>
</tr>
<tr>
<td>2-кезең<br><br>6 минут</td>
<td><u>2-тапсырма. Ой қозғау.Ширату жаттығуы. »Адасқан әріптер» ойыны.</u> Шоқан Уәлихановтың өмірде меңгерген мамандығы мен ғылым салаларының түрлерін анықтайды.<br>
<table>
<tr><td>Мылағ<br>Фаргонтэ<br>Ыштахяас<br>Іштерус<br>Ішуеттрез</td><td>Ышузаж<br>Іштеибедә<br>Ышунатсығыш<br>Ышролкьлоф<br>фаргоег</td><td>Ышутрағa<br>Шыхират<br>Тнатюьда<br>Рецифо<br>Тенрок</td></tr>
<tr><td>ғалым<br>этнограф<br>саяхатшы<br>суретші<br>зерттеуші</td><td>Жазушы<br>Әдебиетші<br>Шығыстанушы<br>Фольклоршы<br>географ</td><td>Ағартушы<br>Тарихшы<br>Адьютант<br>Офицер<br>корнет</td></tr>
</table>
</td>
<td>Үлестірме парақша<br>Кесте</td>
</tr>
<tr>
<td>3-кезең<br><br>10 минут</td>
<td><u>Неге С.Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?</u><br>3-тапсырма. «Bilimland.kz» сайтынан Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы тақырыбында бейнебаянды талқылау үшін тест тапсырмасын шешу.<br>1. С.Мұқановтың прозадағы соңғы шығармасын көрсетіңіз.<br>A) «Теміртас» B) «Сырдария» C) «Балуан Шолақ» D) «Аққан жұлдыз»<br>2. Жазушының ғалым, этнограф Ш.Уәлиханов туралы романын көрсетіңіз.<br>A) «Аққан жұлдыз» B) «Теміртас» C) «Адасқандар» D) «Ботагөз»<br>3. «Аққан жұлдыз» романының бірінші кітабы қай жылы жарияланғандығын көрсетіңіз.<br>A) 1970 B) 1968 C) 1969 D) 1971<br>4. «Аққан жұлдыз» романының бірінші кітабында Шоқан</td>
<td>BILIM Land<br>www.bilimland.kz<br><br><u>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/sabit-muqanov-aqqan-zhuldyz-romany</u></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>өмірінің қай кезеңі суреттелетіндігін белгіленіз.<br>А) Шоқанның тегі, балалық шағы  В) Шоқанның бозбалалық шағы<br>С) Шоқанның есейген шағы  D) Шоқанның Омбы кадет корпусын бітірген шағы<br>5. Романның бірінші кітабы Шоқан өмірінің қай кезеңімен аяқталатындығын белгіленіз.<br>А) Шоқанның үйленген шағымен  В) Шоқанның саяхатқа шығар шағымен<br>С) Омбыдағы қызметіне кірісу шағымен  D) Шоқанның кадет корпусын бітіру кезеңімен<br>6. «Аққан жұлдыз» романының екінші кітабы қай жылы жарияланғандығын белгіленіз.<br>А) 1974  В) 1975  С) 1976  D) 1973<br>7. Романның екінші кітабында Шоқан өмірінің қай кезеңі суреттелетіндігін көрсетіңіз.<br>А) Шоқанның Қашқарияға саяхатқа шығу кезі  В) Шоқанның оқудан соңғы елдегі қызметі<br>С) Шоқанның генерал-губернатор адъютанты болып қызмет істеп жүрген кезі<br>D) Шоқанның Ыстықкөл сапарындағы кезі<br>8. Аяқталмай қалған үшінші кітабының неше тарауы сақталғандығын табыңыз.<br>А) 1  В) 2  С) 3  D) 4<br>9. С.Мұқановтың Шоқан өміріне арналған драмалық шығармасын көрсетіңіз.<br>А) «Шоқан Уәлиханов»  В) «Аққан жұлдыз»  С) «Уәлиханов»<br>D) «Қызыл сұңқарлар»<br>10. Шоқан оқыған оқу орнын көрсетіңіз.<br>А) Омбы кадет корпусы  В) Петербург Заң университеті  С) Мәскеудегі оқу орны<br>D) Петербург медицина академиясы</td>
<td>сілтемесі бойынша тест<br><br>Интербелсенді тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>4-кезең<br><br>5 минут</td>
<td>БЕЙНЕФИЛЬМ.Шоқан Уәлиханов туралы көбірек білгіңіз келсе, осы фильмді аяғына дейін көріп шығыңыз.<br>iMektep https://imektep.kz/kz/shokan-ualihanov<br>Бейнематериалдан алған білім тыңдалым нәтижесінде орындалатын жазылым тапсырмасы.<br>4-тапсырма. Ақпараттық органайзерді «Дұрыс-дұрыс емес» ойыны көмегімен толтырыңыз.
<table>
<tr><td>Сұрақтар</td><td>Дұрыс</td><td>Дұрыс</td></tr>
<tr><td>Шоқан 1835 жылы Қостанайдың Құсмұрын деген жерінде дүниеге келген</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Шқкан он жасында ел ауызында жүрген «Едіге» жырын қағазға түсірген</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>Шоқан</td><td></td><td>+</td></tr>
</table></td>
<td>https://imektep.kz/kz/shokan-ualihanov<br><br>Кесте<br>Үестірме парақша<br>Интербелсенді тақта</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>ағылшын,неміс,орыс,француз,қытай, түрік тілдерін жетік білген.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Шоқан Жетісу,Ыстықкөл,Құлжа,Қашкария жерлеріне сапар шеккен.</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Жазушы С.Мұқанов Шоқан өміріне арнап »Аққан жұлдыз» деген роман жазған.</td><td>+</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>5-кезең<br>5 минут</td>
<td>5-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңдар.<br>-Шоқан -------- жылы Қостанай облысы,Сарыкөл ауданы -------- деген жерде дүниеге келген.<br>- Ш.Уәлиханов --------- жылы Жетісудың Алтынемел жотасында --------- деген жерде қайтыс болған.<br>- Шоқан ---- жасында хат танып,----- жасында «Едіге» жырын қағазға түсіріп,-------- болған.<br>- Шоқанның шын есімі ---------- ,анасы мен әжесі еркелетіп оны ------ деп атаған екен.<br>- Шоқан ----- қаласындағы кадет корпусында ----------- жылдары оқып,білім алған.<br>Кілт сөздер: 1898.,1835,алты,1865,Мұхаммед-Ханапия,бес,Қоңыр,Қанаш,Омбы,1847-1853,сегіз,</td>
<td>https://imektep.kz/kz/shokan-ualihanov<br><br>Үестірме парақша</td>
</tr>
<tr>
<td>6-кезең<br>3 минут</td>
<td>6-тапсырма. Артығын ата ойыны.<br>1) Қанаш,Қоңыр,Шоқан,Мұхаммед-Қанапия,<br>2)Қ ұлжа,Қашкария,Үндістан,Жетісу,Ыстық көл<br>3) Араб,парсы,ағылшын,француз,орыс<br>4) 1835,1847,1853,1856,1857,1858,1859,1865,1898.</td>
<td>https://imektep.kz/kz/shokan-ualihanov<br><br>Үестірме парақша</td>
</tr>
<tr>
<td>7-кезең<br>5 минут</td>
<td>https://itest.kz/kz/exam-test?test_id=439648391<br>сілтемесі мен сайысты аяқтау.<br>7-тапсырма.Тест сұрақтары:<br>Шоқан қай жылы қайтыс болды:<br>Шоқан генерал Черняевтің қай әскери экспедициясына қатысты?<br>Шоқанның орыс жазушысы Ф.М.Достоевскиймен алғаш кездескен қаласы:<br>Шоқанды әлемге әйгілі еткен саяхат:<br>Шоқан П.П.Семенов-Тяньшанскиймен Құлжаға қашан барды?<br>Шоқанның білімділігін жоғары бағалаған адамдардың бірі:<br>Шоқан оқыған оқу орны:<br>Орыс геогафиялық қоғамының Қазақстандағы бөлімдері қай жылы ашылды?<br>Көрнекті шығыс зерттеушісі, академик В.В.Радлов қай жерлерді зерттеді?<br>Кіші жүз тарихын жан-жақты сипаттаған көрнекті зерттеуші:<br>П.П.Семенов-Тяньшанскийдің еңбектері:<br>Шоқан Уәлиханов 1864 жылы Черняевпен қай бекіністі алу жорығына қатысады?<br>Ш.Уәлиханов Қазақстандағы ислам діні жайындағы пікірін</td>
<td>https://itest.kz/kz/exam-test?test_id=439648391<br><br>сілтемесі бойынша тест тапсырмасын орындау</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>жазған мақаласының атаңыз:<br>Халықтың өзін-өзі басқару негізінде Қазақстандағы билікті қайта құруды талап еткен кім:</td><td></td></tr>
<tr><td>1 минут</td><td>Кері байланыс: Ойды аяқта! (ауызша)<br>Мен бүгін білдім . . .<br>Мен бүгін үйрендім . . .<br>Мен бүгін таңдандым . . .</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Қорытындылау.<br>Топтар бағалау парақшалары бойынша өздерін әр кезең бойынша бағалап,қорытындысын есептейді.Сайыс қорытындысында жеңімпаз топ анықталады және 1,2,3 орын мақтау қағаздарымен марапатталады.</td><td>Марапаттау рәсімі.<br>Мақтау қағаздары.</td></tr>
<tr><td>1 минут</td><td>Топтардың өздерін бағалау парақшалары.
<table>
<tr><td>1-кезең</td><td>(3-3) 5 ұпай,(3-2) 4 ұпай, (3-1) 3 ұпай</td><td>Ұпайлар саны</td></tr>
<tr><td>2-кезең</td><td>(5-5) 5 ұпай,(5-4) 4 ұпай,(5-3) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>3-кезең</td><td>(10-8) 5 ұпай,(10-6) 4 ұпай,(10-5) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>4-кезең</td><td>(5-5) 5 ұпай,(5-4) 4 ұпай,(5-3) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>5-кезең</td><td>(5-5) 5 ұпай,(5-4) 4 ұпай,(5-3) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>6-кезең</td><td>(4-4) 5 ұпай,(4-3) 4 ұпай,(4-2) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>7-кезең</td><td>(14-12) 5 ұпай,(14-10) 4 ұпай,(14-8) 3 ұпай</td><td></td></tr>
<tr><td>Барлығы</td><td>Қорытындысы<br>(35-31) 1-орын,(30-25) 2-орын, (24-20) 3-орын.</td><td></td></tr>
</table></td><td>Бағалау парақшасы<br><br>Кесте<br>А4 парақ</td></tr>
</table>